



Наименование области: город Астана

Наименование суда: Верховный Суд Республики
Казахстан (Кассационная
инстанция)

Отправитель: Ә Д І Л Х А Н Р Ү С Т Е М
Ә Д І Л Х А Н Ұ Л Ы

ПИСЬМО

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының төрағасы Ж.Асановқа

Сапарбаев Абай

Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі, Шорнақ ауылы, Бөгенбай
батыр көшесі №10 үй тұрғыны

Алғыс хат

«Жақсының жақсылығын айт нұры тассын» - қазақ халқының сөзі бекер айтылмаған. Мен
алғысымды Түркістан облысының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы Марат
Игенұлы Оңласовқа алғысымды айтамын.

Кенес одағы кезінде берілген қызыл төлқұжатымды 1989 жылы жоғалтып алып, сол
уақыттан бері құжатсыз жүрдім.


Бүгінгі таңда құжаттарымды қалпына келтіру барысында Түркістан облысы Сауран ауданы
полициясы бөліміне менің жеке басымды растайтын төлқұжат беруді сұранғанмын, алайда
маған құжат беруденден бас тартқаннан кейін Түркістан облысының мамандандырылған
әкімшілік сотына арызданып жүгіндім.

Нәтижесінде Түркістан облысының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы Марат
Игенұлы Оңласов әкімшілік іс сот отырысының алдын ала дайындық барысында әкімшілік
істі жан-жақты әділ қарап, әкімшілік істі тараптарға құқықтық дұрыс түсіндіру салдарынан
және Түркістан облысы Сауран ауданы полициясы бөлімінің сенімді өкілдерімен заңға
сәйкес медиацияға келіп бітімгершілікпен шешу жолдарын түсіндірді.

Қазіргі уақытта тиісті құжаттарымды алу үшін тиісті мекемелерге құжаттар тапсырылды.

Осынша уақыт бойына төлқұжатымды ала алмай жүргенімді Түркістан облысының

Подписал(а) Ә Д І Л Х А Н Р Ү С Т Е М Ә Д І Л Х А Н Ұ Л Ы





мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы М.И. Оңласов бір ғана дайындық сот отырысында менің мәселемді шешіп берді.

Менің айтқым келгені Түркістан облысының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы Марат Игенұлы Оңласов істің жан-жақты зертеп, зерделеп, мен сияқты қарапайым халықтың құқығы бұзылғандығын анықтап әділ түрде екі тарапқа да ортақ медиация тәртіп ұйғарым шығарғаны үшін өз ризалығымды шын көңілден білдіргім келеді. Әрдайым елдің және халықтың алдында беделі үстем болсын деп тілеймін.

Ізгі ниетпен Сапарбаев Абай

28.02.2023ж

Перечень прилагаемых документов:

1. Алғыс хат.pdf

Подписал(а) ӘДІЛХАН РҮСТЕМ ӘДІЛХАНҰЛЫ

